

ТАҚТАШАҒА АРНАЛҒАН ЖЕЛІМ

Ішкі және сыртқы жұмыстар кезінде керамикалық тақташаны бекітуге арналған желім

ҚАСИЕТТЕРІ


- суға төзімді;
- тақташаның сырғып түсуіне төзімді;
- ішкі және сыртқы жұмыстарға жарайды;
- экологиялық қауіпсіз.

ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

CM 9 желімі су сіңіруі $\geq 3\%$ және өлшемі 30x30 см дейін керамикалық тақтайшаларды (зерленген және терракотаны) пішіні өзгермейтін минерал негіздерде бекіту үшін арналған.

CM 9 азаматтық және өнеркәсіптік құрылыста ғимараттардың ішінде және сыртында тақтайша қаптауыштарын қабырғаларда және едендерде (оның ішінде ылғалдылығы тұрақты орынжайлар) құру үшін қолданылады.

CM 9 желімі кірпішті қалаған кезде қалау ерітіндісі ретінде пайдаланылуы мүмкін.



НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негіз ҚНЖЕ 2.04-10-2004 талаптарына сәйкес болуға және жеткілікті көтергіш қабілеті болуға тиіс. Негізді шаңсыздандырып желімнің жабысқақтығын төмендететін заттардан (тұз дақтарынан, майлардан, битумнан және т.б.) тазарту қажет. Беттің осал, опырылатын учаскелерін және қабыршақтанған жерлерді жою қажет.

Қабырғаларды СТ 29 жөндеу сылағымен немесе Ceresit Сылағымен тақтайшаны бекіту алдында кем дегенде 2 тәулік бұрын, ал едендерді CN тобындағы Ceresit терістегіш қоспасымен алдын ала терістеу ұсынылады. 5 мм дейін бұдыр жерлерді CM 9 PLUS желімімен тақтайшаны бекітуге дейін кемінде 1 тәулік қалғанда терістеуге жол беріледі.

Цемент-құм және цемент-эк сылақтарды, цемент-құм тұтастырғыштарды ("жасы" ≥ 28 күн, ылғалдылығы $\leq 4\%$), бетонды ("жасы" ≥ 3 ай, ылғалдылығы $\leq 4\%$) СТ 17 астарымен өңдеу және кемінде 4 сағат ішінде кептіру ұсынылады. Тығыз, таза, берік негіздерді астарламауға жол беріледі.

Аз сіңіргіш негіздер СТ 7 астарымен, көп сіңіретін негіздер СТ 17 астарымен, әр жаққаннан кейін 4-6 сағат ішінде кептірумен астарланады.

ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

Ерітінді қоспасын дайындау үшін дәл өлшенген таза су көлемін алады (+15-тен +20°C дейін). Құрғақ қоспаны араластырған кезде суға аздап қосып, түйірлер жоқ біртекті массаны алуды



көздейді. Араластыруды миксердің немесе айналу жылдамдығы 400-800 айн/мин кезінде тұтқыр қоспаларға арналған саптамасы бар бұрғының көмегімен жүргізеді. Сосын ерітінді қоспасы пісу үшін 5 минут технологиялық үзілісті ұстайды және тағы бір рет араластырады. Ерітінді қоспасы дайындалған сәтінен бастап ~ 2 сағат ішінде жұмсалуға тиіс.

Желімді негізге тісті үккіштің жылтыр жағымен немесе жылтыр қалақшамен жағады және үккіштің тісті жағымен немесе тісті қалақшамен бет бойынша таратады. Тістердің шаршы пішіні болуға тиіс, ал олардың өлшемін тақтайшалар форматына қарап таңдайды (кестені қараңыз). Ерітінді қоспасының констистенциясын және қалақша тістерінің өлшемін дұрыс таңдаған кезде желім тақтайшаны қысқаннан кейін қабырғаларда желімденетін беттің кем дегенде 65% және едендерде - 80% жабуға тиіс.

Назар аударыңыз! Тақтайшаларды алдын ала суға жібітпеңіз!

Тақтайшаны желімді негізге жаққаннан кейін ~ 10 минут ішінде бекітуге болады («ашық уақыт»). Тақтайшаны желімді қабатқа салады да негізге қысып басады. Тақтайшаның күйін төсегеннен кейін ~ 10 минут ішінде түзетуге болады.

Назар аударыңыз! Тақтайшаларды түйістіріп салуға болмайды!

Тігістің ені тақтайшаның форматына және пайдалану шарттарына қарап белгіленеді. Желімнің жоғары бекіту қабілеті тігістің бірдей енін қамтамасыз ету үшін тақтайшалар арасындағы төсемдерсіз амалдай тұруға мүмкіндік береді.

Тігістерді толтыруды CE тобындағы Ceresit тиісті бітеуіштерімен тақтайшаны төсегеннен кейін кем дегенде 48 сағат өткенде орындау ұсынылады.

Желімнің жаңа қалдықтарын су көмегімен, кеуіп кеткендерін - тек механикалық түрде кетіруге болады.

ЕСКЕРТУЛЕР

Осы техникалық сипаттамадан басқа желіммен жұмыс істеген кезде ҚНЖЕ 2.04-10-2004 басшылыққа алу керек.

Дайындаушы материалмен жұмыс істеген кезде технологияны орындамау үшін, сондай-ақ осы техникалық сипаттамада қарастырылмаған мақсаттарда және шарттармен қолданылуы үшін жауапкершілік көтермейді.

Материалдың қолдану дұрыстығына күмәндік болған кезде оны өз күшімен сынау керек немесе өндірушіден кеңес алу керек.

Осы техникалық сипаттама, сондай-ақ жазбаша расталмаған ұсынымдар, өндірушінің шартсыз жауапкершілігі үшін негіздеме болып қызмет атқармау мүмкін.

Осы техникалық сипаттама пайда болғанымен барлық алдағылары жарамсыз болып кетеді.

ҰСЫНЫСТАР

Жұмыстарды құрғақ жағдайларда, ауа және негіздің температурасы +5 - +30°C болған және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% аспаған кезде орындау керек

. Техникалық сипаттамада берілген барлық сапа көрсеткіштері және ұсынымдар қоршаған орта температурасы +23°C болған кезде және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 50% болған кезде дұрыс болады. Басқа жағдайларда желімнің тұтыну, түзету уақытын және ашық уақытын, сондай-ақ қаптауыштың тігістерді толтыруға дайын болған уақытын өзгертуге болады. Осы техникалық сипаттамада айтылмаған жағдайларда Ceresit басқа желімдерін қолдану ұсынылады.

Құрғақ қоспаның жаңартылған формуласы құрамында цементте бар белсенді заттарды бейтараптандыратын, терінің күйін және тітіркенуін болдырмайтын үстемелер бар. Жұмыс кезінде жеке қорғану құралдарын (көзілдірікті, қолғапты) қолдану қажет. Қоспа көзге түскен кезде оны сумен жуып дәрігерге көріну керек.

САҚТАУ МЕРЗІМІ

Құрғақ жағдайларда, түпқоймаларда, түпнұсқалық зақымдалмаған қаптамада сақтау мерзімі - дайындалған күнінен бастап 12 айдан ұзақ емес.

ҚАПТАУ

СМ 9 желімі 25 кг қағаз қаптарда жеткізіледі.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

СМ 9 құрамы:	минералдық толтырғыштары және полимерлік түрлендіргіштері бар цемент
Құрғақ қоспаның үйме тығыздығы:	~ 1,6 кг/дм ³
Ерітінді қоспасының тығыздығы:	~ 1,4 кг/дм ³
Араластыратын судың мөлшері:	25 кг құрғақ қоспаға ~ 5,6-5,8 л
Тұтыну уақыты:	~ 2 сағат
Қолдану температурасы:	+5-тен +30°C дейін
Ашық уақыты:	~ 10 минут
Түзету уақыты:	~ 10 минут
Тақтайшаның сырғып түсуі:	≤ 0,1 мм
Тігістерді толтыру:	24 сағаттан кейін
Бетонға жабысқақтығы:	≥ 0,6 МПа
Қысымдауға беріктігі:	≥ 10 МПа
Аязға төзімділігі:	≥ 50 цикл
Пайдалану температурасы:	-50-ден +70 °C-қа дейін

СМ 9 желімінің тақтайшаның мөлшеріне байланысты бағдарлы

Тақтайша жағының	Қалақша тісінің мөлшері, мм	СМ 9 PLUS шығыны, кг/м ²
5	3	~ 2,0
10	4	~ 2,5
15	6	~ 3,0
20	8	~ 3,7
30	10	~ 4,2